

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.6. - С.97-99

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қани С.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: Білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды міндеттерінің бірі – өкілдері бәсекеге қабілетті білімді меңгерген, ой-өрісі дамыған ғана емес, жоғары азаматтық және адамгершілік ұстанымы, отансүйгіштік сезімі мен әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасқан зияткер ұлтты қалыптастыру болып табылады.

Жастардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, отансүйгіштік сезімді, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру. Білім беру жүйесін жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету. Жастарды отан сүйгіштікке тәрбиелеу және олардың азаматтық белсенділігін, әлеуметтік жауапкершілігін және әлеуетін ашу тетіктерін қалыптастыру.

Қазіргі кезеңде еңбек әрекетінің құрылымы оның тек қарқындылығымен ғана емес, сонымен қатар шығармашылықты көрсете алу деңгейімен өлшенеді. Осыған орай, объективті тенденция байқалады, яғни қоғам дамуымен еңбектің қарқындылығы және саны кеми түсіп, интеллектуалдық және шығармашылық жақтары арта түсуде. Бүгінгі білім берудің басты мақсаты — шығармашыл тұлға қалыптастыру. Егеменді еліміздің ең басты мұраты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Осы орайда білім алушылардың техникалық шығармашылық, танымдық қызығушылық қабілеттерін дамыту оқытушылардың алдында тұрған жауапты міндеттердің бірі. Білім алушылардың танымдық қызығушылығын ашу, оны алға қарай дамыту үшін жоспарлы істің мақсаты мен міндеті болып табылады.

Қазіргі замандағы ғылым мен техниканың даму жағдайында ғылымның әр саласында білім мазмұны мен көлемінің қауырт өсуіне байланысты ЖОО мен мектеп арасындағы сабақтастық оқушылардың танымдық қызығушылығының қалыптасуына тікелей әсер етеді. Сондықтан заман талабына сай маман дайындау жоғары сыныптарда басталып, студенттік кезеңмен ұштасып отырады. Демек жоғары оқу орындарындағы оқытушыларға, студенттерге аса үлкен жауапкершілік жүктелуде. Өйткені, болашақ ұрпаққа білім беріп, тәрбиелеу мұғалімдер мен оқытушыларға байланысты. Білімді маман даярлау үшін толыққанды адам, жеке тұлға қалыптастыру - күрделі де келелі іс.

Оқушылардың таным үрдісін тиімді ұйымдастыру арқылы оқу белсенділігін арттыру және танымдық қызығушылығын дамыту мәселесі бірқатар еңбектерде қарастырылған. Соның ішінде А. Тамаевтың “Әдебиет сабақтарында жоғары класс оқушыларының оқырмандық қызығушылығын қалыптастыру” ғылыми зерттеуінде оқушылардың оқырмандық қызығушылығының психологиялық негіздеріне, оны тәрбиелей отырып, әдеби білім беру мәселелеріне мән берілген [2].

Субъектінің әртүрлі таным белсенділігі мен танымдық қызығушылықтарының табиғи құбылыстарға қайта бейнелеу көрінісі (Л.П. Аристова), тұлғаның танымдық қасиетін сипаттаудың еріксіз жағдайы (Р.А. Низамов), ал оқушының өмірлік позициясындағы іс-әрекеттілігі (Г.И. Щукина), тұлғаның оқыту сипатына, мазмұнына, таным мақсатына еріктік-күш жігерін жұмсау іс-әрекеті сапасын (Т.Н. Шамова) сараптаған болса, танымдық қызығушылық мәселесі Т.А.Буянова, Э.К. Васильева, О.А. Золотарева және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

Қазіргі кезде педагогикалы-психологиялық ғалымдардың еңбектерінде кәсіби қызығушылықтардың дамуы мен кәсіби өзіндік айқындалу дәрежесіне және әлеуметтік ортаның жеке тұлғаға ықпал ету мәселелеріне мән беріліп, өзіндік тұрғыда қарастырылып отыр. Кәсіби қызығушылықтарды тәрбие үдерісінде қалыптастыру жолдарын Л.А. Вайсбург, Ю.П. Вавилов, А.А.Газаев және т.б. ғалымдар талдаған.

Білім алушылардың танымдық үрдісін тиімді етіп ұйымдастыру арқылы оқу белсенділігін арттыру және танымдық қызығушылығын қалыптастыруды психологиялық тұрғыдан А.Н.Леонтьев, А.Р. Лурия, С.Л. Рубинштейн, Л.В. Занков, Л.В. Эльконин, А.В. Петровский, педагогикалық тұрғыдан П.И. Пидкасистый, Т.И.Шамова, Т.Н.Щукина, отандық ғалымдар Ж.И.Намазбаева, Т.С. Сабыров, Н.Д. Хмель және т.б. зерттеді.

Әдістемелік тұрғыда Н.А. Ахметова, А.Е. Әбілқасымова, Т. Әбілова, А.А. Бейсенбаева, М.Х. Балтабаев, Ж.Т. Дәулетбекова, Р.К.Дүйсенбінова, М.Ж. Жадрина, Қ. Қайым, Қ.Қ. Қабдықайыров, И.Д.Синельникова, О.С.Салимбаев, А.Т. Томаев, Б.Т. Набиева, Н.А. Рыков және т.б. ғалымдар зерттеп, жеке пәндерді оқытуға байланысты және сабақтан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың ерекшеліктерін анықтауға үлес қосты.

Мәселен, Б.Т. Набиева “Сабақтан тыс және сабақ байланыстылығы арқылы пәнге деген оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру” тақырыбындағы ғылыми зерттеу еңбегіндегі мәселеге ғылыми талдау жасай келе, білім алушының танымдық қызығушылығын қалыптастырудың әдістемелік негіздерінің мәнін айқындап және сыныптан тыс оқытуды теориялық негізде байланыстыруға әрекет жасаған [3].

Білім алушының танымдық қызығушылығын дамыту және оны тәрбиелеу – бүгінгі таңдағы көкейкесті мәселелердің бірі. Қызығушылық – бүкіл тіршілік көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері қызығушылықтың нәтижесі. Бұған бүкіл халықтық, жалпы және жеке адамның қызығушылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді.

Қызығушылық – жаңаны, тың нәрсені дамыту, түпкі идеяны табуға ұмтылу. Бұл кез келген шығармашылық қасиетті ашып, дамытып және қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қызығушылық - қиял, ұшқыр ой қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Танымдық қызығушылық —білім алушының оқуға, білуге деген ынта-ықыласының, рухани жан дүниесінің дамуының құштарлығының ерекше көрінісі. Танымдық қызығушылықтарды қалыптастыру үшін оқушылардың танымдық

қызығушылықтарының көздейтін мүддесі-білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету қажеттігі негізінде дамиды [4].

Жеке тұлғаның танымдық қызығушылығын, өзін-өзі көрсетуіне көмек жасайтын және соны өнім жасап шығаруы бойынша іс-әрекетке дайындығы мен білімділігін қамтамасыз ететін мотивациялық, іс-әрекеттік және шығармашылық компоненттері бар жеке тұлғаның интегративтік қасиеті деп түсіне отырып, біз еңбекке оқытуды танымдық қызығушылықты қалыптастыру ұстанымы тұрғысынан қарастырамыз.

Білім алушылардың танымдық қызығушылығын дамытуда білім берушілердің теориялық білімін жетілдіру. Білім берушілердің теориялық білімдерін жетілдіру болып табылады.

Қорыта келе, оқытудың қазіргі уақыт талабындағы негізгі мақсаты кәсіптің белгілі бір саласына бағытталған, ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істей білуге қабілетті жастар даярлауы, еңбекке оқытуды шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру ұстанымы тұрғысынан орын алатыны айқындалды. Оқыту үдерісінде білім алушының қызығушылығын оята біліп, өзі ізденетіндей әрекет жасау.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан // «Егемен Қазақстан», 2012 жылғы 15 желтоқсандағы № 828-831 (27902).

2. Тамаев А.Т. Әдебиет сабақтарында жоғары класс оқушыларының оқырмандық қызығушылығын қалыптастыру. п.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты. –Алматы, 1995, -25 б.

3. Набиев Б.Т. Формирование у учащихся познавательного интереса к предмету постсоветском взаимосвязи урочных и внеурочных занятия. п.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. –Алматы, 1998, -24 б.

4. Ann-Kathrin Pehmer. How teacher professional development regarding classroom dialogue affects students's higher - order learning // Teaching and Teacher Education An International Journal of Research and Studies, Volume 47, April 2015, pp108-119.